
Қауіпсіздік Кеңесі

2008 жылғы 19 маусымдағы Қауіпсіздік Кеңесінің 5916-шы отырысында қабылданған

Резолюция 1820 (2008)

Қауіпсіздік Кеңесі.

өзінің 1325 (2000), 1612 (2005) және 1674 (2006) резолюцияларының жолын бұдан әрі ұстанатынын және оларды толық жүзеге асыратынын *қайта растай отырып* және өз Төрағасының 2001 жылғы 31 қазандағы (S/PRST/2001/31), 2002 жылғы 31 қазандағы (S/PRST/2002/31), 2004 жылғы 28 қазандағы (S/PRST/2004/40), 2005 жылғы 27 қазандағы (S/PRST/2005/52), 2006 жылғы 8 қарашадағы (S/PRST/2006/42), 2007 жылғы 7 наурыздағы (S/PRST/2007/5) және 2007 жылғы 24 қазандағы (S/PRST/2007/40) өтініштеріне сілтеме жасай отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының мақсаттары мен қағидаларын *басшылыққа ала отырып*,

2005 жылғы Дүниежүзілік саммиттің Қорытынды құжаттарында көрсетілген әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық көрсетудің, соның ішінде халықаралық гуманитарлық құқық бойынша және адам құқықтарының халықаралық құқығы бойынша мемлекеттік міндеттемелерге сәйкес, жазасыздықты жоюға және қарулы қақтығыстар кезінде және олар аяқталғанда азаматтық тұлғаларды, әсіресе әйелдер мен қыздарды қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдау арқылы, барлық нысандарын жоюға бел байлауды да *қайта растай отырып*,

Пекин декларациясындағы және іс-әрекеттер платформасындағы (A/52/231) міндеттемелер туралы, сондай-ақ Бас Ассамблеяның «Әйелдер 2000 жылы: XXI ғасырдағы еркектер мен әйелдер арасындағы теңдік, даму мен әлем» (A/S-23/10/Rev.1) атты жиырма үшінші арнайы сессия құжаттарының қорытындыларындағы міндеттемелер туралы, соның ішінде сексуалдық зорлық-зомбылыққа және қарулы қақтығыстар жағдайындағы әйелдерге қатысты міндеттемелер туралы *еске сала отырып*,

сондай-ақ Әйелдерге қатысты барлық кемсіту нысандарын жою туралы Конвенцияға, оған Факультатив хаттамаларға, Бала құқықтары туралы Конвенцияға және оған Факультатив хаттамаларға қатысушы-мемлекеттердің міндеттемелерін *қайта растай отырып* және оны әлі жасамаған мемлекеттерді оны бекіту немесе оған қосылу туралы мәселелерді қарауға *табандылықпен шақыра отырып*,

азаматтық тұлғалар қарулы қақтығыстардан зардап шегушілердің басым көпшілігін құрайтынын, ең алдымен әйелдер мен қыздар соғыс тактикасы ретінде, кемсіту, басып-жаншу, қорқыту, қауымның азаматтық мүшелерін немесе антикалық

топтарды бытыратып және/немесе күштеп орналастыру мақсатында қолданылатын сексуалдық зорлық-зомбылыққа көп ұшырайтынын; осылайша жасалатын сексуалдық зорлық-зомбылық кейбір жеке жағдайларда соғыс әрекеттері аяқталған соң да, жалғаса беретіндігін *ескере отырып*;

қарулы қақтығыстар жағдайында азаматтық тұлғаларға, соның ішінде әйелдер мен балаларға қатысты кез келген сексуалдық және басқа да зорлық-зомдылықтар туралы өзінің айыптауларын батыл түрде *ескере отырып*,

қарулы қақтығыстар жағдайында әйелдер мен балаларға қатысты, соның ішінде қарулы қақтығыстар кезіндегі сексуалдық зорлық-зомбылыққа қатысты зорлық-зомбылықты айыптау бойынша бірнеше рет берілген өтініштерге қарамастан және қарулы қақтығыстың жақтарын осындай актілерді дереу доғаруға шақыруына қарамастан, мұндай актілер бұрынғысынша, тіпті кейбір жағдайларда – жүйелі, жаппай және адам үркітер қатандықпен жасалуда, осыған байланысты *терең алаңдаушылық білдіре отырып*,

сексуалдық зорлық-зомбылыққа байланысты мақсатты қылмыстар қатарын Халықаралық қылмыстық соттың Рим статутына және арнайы халықаралық қылмыстық трибуналдардың статутына енгізу туралы *еске сала отырып*,

әйелдердің қақтығыстарды тоқтатудағы және реттеудегі, сондай-ақ бейбітшілікті орнатудағы маңызды рөлін *қайта растай отырып* және олардың бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау және нығайтуға атсалысу бойынша барлық күш жұмсауларға қатысуға тең құқықтығы мен жан-жақтылығының маңызын және олардың қақтығыстарды тоқтатуға және реттеуге қатысты шешім қабылдау процесіндегі рөлінің қажеттігін *атап көрсете отырып*,

сондай-ақ әйелдердің қабілеті мен қақтығыстан кейінгі қоғамдық өмірге қатысу бойынша заңды құқықтарын бұзатын және осындай жағдайлардың берік бейбітшілік пен қауіпсіздіктің және татуластықтың, сонымен қатар қақтығыстан кейінгі бейбітшіліктің дамуына кері әсер ететінін мойындай отырып, олардың зорлық-зомбылық, қорқыту және кемсіту салдарынан болатын қақтығыстарды тоқтатуға және реттеуге толық қатысуына мүмкіндік бермейтін кедергілер мен проблемаларға *терең алаңдаушылық білдіре отырып*,

мемлекет тиісті халықаралық құқық нормаларына сәйкес өз азаматтарының, сондай-ақ өз аумағындағы барлық тұлғалардың құқықтарын қамтамасыз ету және оларды құрметтеу үшін басты жауапкершілік алатынын *мойындай отырып*,

қарулы қақтығыс жақтары осы қарулы қақтығысқа қатысатын азаматтық тұлғаларды қорғауды қамтамасыз ету үшін барлық ықтимал шараларды қабылдау бойынша басты жауапкершілік алатынын *қайта растай отырып*,

Қарулы қақтығыстар кезеңіндегі және олар аяқталған кездегі сексуалды зорлық-зомбылық проблемалары туралы ақпараттармен қамтамасыз етуге шақыратын, «Біріккен Ұлттар Ұйымының қақтығыстар жағдайындағы сексуалдық зорлық-зомбылыққа қарсы әрекеттері» атты мекемеаралық бастаманы алға тарту арқылы танылған, Біріккен Ұлттар Ұйымының жүйесі аясында күш-жігерді тұрақты үйлестіруді, ақырғы қорытындыда осы жағдайларды тоқтатуды *қолдай отырып*,

1. сексуалдық зорлық-зомбылық халыққа қарсы әдейі соғыс тактикасы ретінде немесе кеңінен таралған немесе азаматтық тұлғаларға жүйелі түрде шабуыл жасау ретінде қолданылса немесе қолдауға ие болса, қарулы қақтығыстар кезіндегі жағдайды айтарлықтай ушықтырып жіберуге және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қалпына келтіруге кедергі ету ықтималдығын *атап көрсетеді*, осыған байланысты осындай сексуалдық зорлық-зомбылық актілерінің алдын алу және оларға ықпал ету мақсатында әрекетті іс-шаралар қабылдау елеулі түрде халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауға ықпал ететінін *растайды* және қажет болғанда сексуалдық зорлық-зомбылықтың кеңінен таралған немесе жүйелі түрдегі актілеріне байланысты нақты жағдайларда тиісті қадам жасап, Кеңес бойынша күн тәртібіндегі тармақтарды қарауға өзінің дайын екендігін *білдіреді*;

2. қарулы қақтығыстардағы барлық жақтардың, азаматтарға қатысты сексуалдық зорлық-зомбылық көрсету актілерін тез арада және толық түрде тоқтатуларын *талап етеді*;

3. қарулы қақтығыстардағы барлық жақтардан тез арада азаматтық тұлғаларды, соның ішінде әйелдер мен қыздарды сексуалдық зорлық-зомбылық көрсетудің барлық түрлерінен қорғауға қатысты шаралар қолдануды *талап етеді*, соның ішінде әскери-тәртіптік шаралар қолдануды және командирлердің жауапкершілік қағидаларын сақтауын қамтамасыз етуді, әскери қызметкерлердің азаматтық тұлғаларға сексуалдық зорлық-зомбылық көрсетудің барлық түрлерін қолдануға, сексуалдық зорлық-зомбылық жайлы аңыздар айтуға тыйым салуды түсіндіруді, қарулы күштердің және қауіпсіздік күштерінің бұрын зорлау әрекеттеріне және басқа түрдегі сексуалдық зорлық-зомбылық көрсетуге қатысы бар-жоқтығын тексеруді және сексуалдық зорлық-зомбылық қаупі туындаған жағдайда әйелдер мен балаларды қауіпсіз аймақтарға апаруды қарастыруға болады; және Бас хатшыдан қажет болған жағдайда, осы проблеманы шешу мақсатында, Біріккен Ұлттар Ұйымының тиісті лауазымды тұлғалар мен осы дауға қатысты басқа да тараптар арасындағы дауларды реттеу мәселесін кеңінен талқылау бойынша диалогты, жергілікті қауым ішінен зардам шеккен әйелдердің пікірін ескере отырып, қолдауын *сұрайды*.

4. зорлау және сексуалдық зорлық-зомбылық көрсетудің басқа актілері әскери қылмыс, адамдыққа қарсы немесе геноцидке қатысты қолданылатын әрекеттердің бірін құрайтын қылмыс ретінде қаралатынын көрсетеді, дауларды реттеу процесіндегі мәтіндерде сексуалдық зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстарға кешірім туралы ережелер қолданылмауы тиістігін *атап көрсетеді*, сексуалдық зорлық-зомбылық құрбаны болған, әсіресе әйелдер мен қыздарды заңға сәйкес қорғауды және сот жүйесіне тең дәрежеде қол жеткізулерін қамтамасыз ету үшін мүше-мемлекеттерді осындай әрекеттерді жасауға кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту бойынша міндеттемелерді орындауға *шақырады* және тұрақты бейбітшілікті, әділеттілікті қамтамасыз етуге, ақиқатты орнатуға және ұлттық татуластыққа қол жеткізуге бағытталған жалпы көзқарасты қамтитын мәтіндегі осындай актілер болған жағдайда, жазасыздықты доғару қажеттігін *атап көрсетеді*;

5. нақты мемлекеттерге қатысты санкция режимін енгізу және ұзарту кезіндегі қарулы қақтығыстар жағдайында әйелдер мен қыздарға қатысты зорлау мен сексуалдық зорлық-зомбылықтың басқа да түрлері мен актілерін жасайтын қарулы қақтығыс тараптарына қолданылатын мекен-жайлық және кезең-кезеңдік шаралар бойынша адекваттықты ескеретінін *растайды*.

6. Бас хатшыдан реті келгенде, Қауіпсіздік Кеңесімен, Бейбітшілікті қолдау операциялары бойынша арнайы комитетпен және оның Жұмыс тобымен және тиісті мемлекеттермен кеңесе отырып, сексуалдық зорлық-зомбылық және басқа да түрдегі азаматтық тұлғаларға қатысты зорлық көрсету жағдайларын тоқтатуға және мойындауға көмек көрсету және осындай жағдайларға әсер ету үшін, Кеңеспен рұқсат етілген, Біріккен Ұлттар Ұйымының миссиясымен күшейтілген барлық бітімгерлік және гуманитарлық персоналдар үшін оқу дайындығының тиісті бағдарламаларын жасауын және оны жүзеге асыруын *сұрайды*;

7. Бас хатшыдан Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қолдау бойынша операцияларында сексуалдық зорлыққа және сексуалдық қорлыққа мүлдем төзбеу бойынша саясатты жалғастыруын және оны белсенді түрде күшейте түсуін *сұрайды* және әскерлер мен полиция күштерін ұсынатын елдерге қатысты тиісті алдын алу шараларын қабылдауға, сондай-ақ алдын ала күшейту кезеңінде және тікелей операция жүргізілетін аймақтарда ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге және персоналдары осындай әрекеттер жасаған жағдайда олардың толық жауапкершілігін қамтамасыз ету үшін басқа да шаралар қабылдауға *табанды түрде шақырады*;

8. әскерлер мен полиция күштерін ұсынатын елдерге Бас хатшының кеңесімен әрекет ете отырып, қақтығыс кезінде және қақтығыстардан кейінгі кезеңдерде, азаматтарды, соның ішінде әйелдер мен балаларды қорғау үшін және әйелдер мен қыздарға қатысты сексуалдық зорлық-зомбылықты болдырмау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қолдау бойынша операцияларына қатысатын персоналдардың ақпараттанғандығын және олардың тиімді түрде ықпал ету деңгейін көтеру мақсатында қабылданатын іс-шаралар туралы мәселелерді үйренуді, сондай-ақ мүмкін болған жағдайларда, күшейтілетін бітімгершілік немесе полициялық контингент құрамындағы әйелдердің үлесін арттыруды *ұсынады*;

9. Бас хатшыдан Біріккен Ұлттар Ұйымының тиісті операцияларының мүмкіндіктерін олардың мандаттарына сәйкес жетілдіру үшін басшылыққа алатын тиімді қағидалар мен стратегиялар әзірлеуін, азаматтарды, соның ішінде әйелдер мен қыздарды сексуалдық зорлық-зомбылықтың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуін және оларды Кеңеске берілетін әйелдер мен қыздарды қорғауға қатысты ескертулері мен оған байланысты ұсыныстары бойынша даулы жағдайлар туралы жазбаша баяндамаларға жүйелі түрде енгізуін *сұрайды*;

10. Бас хатшыдан және Біріккен Ұлттар Ұйымының тиісті мекемелерінен, көбінесе әйел ұйымдары мен әйелдер басқаратын ұйымдармен тиісті тәртіпте кеңес өткізу арқылы, Біріккен Ұлттар Ұйымының қарауындағы босқындар лагерлеріндегі және ішкі ауысым лагерлері мен осындай лагерлерге жақын жердегі әйелдер мен қыздарды зорлық-зомбылықтан, соның ішінде ең алдымен сексуалдық зорлық көрсетуден қорғауды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірлесіп жүзеге асырылатын қарусыздандыру, босату және қайта ықпалдасу процестері аясында және сот төрелігі мен қауіпсіздік секторларын қайта құруға ықпал ету аясында тиімді механизмдер әзірлеуін *сұрайды*;

11. қақтығыстан кейінгі бітімгерлік стратегиясы бойынша өзінің ұсынымдары мен ұсыныстарын қоса алғанда, орайы келгенде қарулы қақтығыстар мен олар аяқталған кездегі сексуалдық зорлық-зомбылық проблемаларын шешу әдістерінің, Бітімгерлік жөніндегі комиссияның қандай маңызды рөл атқаратынын және өзінің жалпы гендерлік саясатқа көзқарасы аясында өзінің нақты елдік

конфигурациясында азаматтық қоғамдағы әйел ұйымдарына кеңес беру және олардың нақты көрінісін қамтамасыз етудегі рөлін *атап көрсетеді*.

12. Бас хатшыны және оның арнайы елшілерін әйелдерді бейбітшілікті қолдау және қауіпсіздік жөніндегі және бейбітшілікті орнату қақтығыстарынан кейінгі даулардың алдын алуға және реттеуге қатысты талқылауларға қатысуға шақыруын табанды түрде ұсынады және осындай келіссөзге қатысушылардың барлығын түрлі деңгейдегі шешімдерді қабылдау процесіне әйелдердің тең құқықты және жан-жақты қатысуына ықпал етуге *шақырады*;

13. барлық тиісті жақтарды, мүше-мемлекеттерді, Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылымдарын және қаржы мекемелерін ұлттық мекемелердің мүмкіндіктерін дамытуды және нығайтуды қолдауға, сондай-ақ сот жүйесін және денсаулық сақтау жүйесін және азаматтық қоғамның жергілікті желілік бірлестіктерін қарулы қақтығыстар мен қақтығыстардан кейінгі кезеңде сексуалдық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге көмек көрсетуге *табанды түрде шақырады*;

14. тиісті аймақтық органдарды, әсіресе субаймақтық органдарды қарулы қақтығыстар кезеңіндегі сексуалдық зорлық-зомбылыққа қатысты әйелдер мен қыздардың мүддесін қорғайтын стратегиялар, іс-шаралар мен насихаттаушы кампанияларды әзірлеу және оларды іс жүзіне асыру туралы мәселелерді қарауға *табанды түрде шақырады*;

15. Бас хатшыдан Кеңеске 2009 жылдың 30 маусымында мәтінінде Кеңес күн тәртібінде айтылатын мәселелер қатыстырылған осы резолюцияның жүзеге асырылуы туралы, Біріккен Ұлттар Ұйымының, елдік топтардың дереккөздеріндегі ақпараттарды, бейбітшілікті және Біріккен Ұлттар Ұйымының персоналын қолдау бойынша операцияларды, сондай-ақ қарулы қақтығыстар кезінде азаматтық тұлғаларға қатысты кеңінен немесе жүйелі түрде қолданылатын сексуалдық зорлық-зомбылық көрсету туралы ақпараттарды пайдалана отырып баяндама беруін; қарулы қақтығыстар жағдайындағы сексуалдық зорлық-зомбылық ауқымын және олармен баланысты үрдісті талдауын; осындай зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер мен қыздардың ең аз көлемі туралы мәліметтер стратегиясына қатысты ұсыныстарды; сексуалдық зорлық-зомбылықты тоқтату және онымен байланысты әрекеттердегі алға жылжуды бағалау үшін көрсеткіштер ұсынуды; Біріккен Ұлттар Ұйымының серіктестерінен тиісті орындарда атқарылатын қызметтерге қатысты ақпараттарды; қарулы қақтығыстар жағдайында сексуалдық зорлық-зомбылықты қолдану туралы, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының қызметін үйлестіруді жетілдіру есебінен объективті, шынайы және сенімді мәліметтерді уақтылы жинауға атсалысу жоспары туралы ақпараттарды; осы резолюцияда көзделген міндеттерін орындау үшін, көбінесе сексуалды зорлық-зомбылыққа қатысты барлық актілерді тез арада және толық тоқтату арқылы және сексуалды зорлық-зомбылыққа қатысты барлық актілерден әйелдер мен қыздарды қорғау үшін тиісті шаралар қолдану арқылы, қарулы қақтығыстар тараптарымен қолданылатын шаралар туралы ақпараттарды беруді *сұрайды*;

16. осы мәселе бойынша белсенді түрде жұмыс жасауды жалғастыра беруді *қаулы етеді*.